Пайдаланушының нұсқаулығы

W2600H
W2600HP

Құрылғыны пайдаланар алдында **Маңызды сақтық шаралары** тарауын оқып шығуды ұмытпаңыз.
Болашақта пайдалану үшін Пайдаланушының нұсқаулығын (CD) қол жететін жерде сақтаңыз.

Құрылғыға тіркелген затбелгіні қараңыз, және сізге қызмет көрсету қажет болған кезде, ондағы мәліметті дилеріңізге оқып беріңіз.

LG

Бұл құрылғы сіздің жеке қауіпсіздігіңді қамтамасыз ететіндей етіп өзірленген әрі шығарылған, дегенмен де оны жаңсақ пайдалану ықтимал электр тогы соққысын не өрт қатерін тудыруы мүмкін. Осы монитордың құрамындағы барлық сақтық шараларының дұрыс жұмыс істеуіне мүмкіндік беру мақсатында оны орнату, пайдалану мен қызмет көрсету туралы төмендегі негізгі ережелерді қарап шығыңыз.

Қауіпсіздік жөнінде

Тек құрылғыға қоса жеткізілетін ток көзіне қосу сымын ғана пайдаланыңыз. Егер сіз басқа ток көзіне қосу сымын пайдалансаңыз, оны жеткізуші қамтамасыз етпеген болса, оның қолданыстағы мемлекеттік стандарттарға сай екеніне көз жеткізіңіз. Егер ток көзіне қосу сымының қандай да бір ақаулығы болса, оны ауыстыру үшін өндірушіге не жақын жердегі уәкілетті жөндеу қызметкеріне хабарласыңыз.

Ток көзіне қосу сымы негізгі ажыратқыш құрал ретінде қолданылады. Орнатқаннан кейін шығыс ұяшығына оңай қол жеткізуге болатынына көз жеткізіңіз.

Дисплейді тек осы нұсқаулықтың техникалық сипаттамалар тізімінде көрсетілген не дисплейде тізімі берілген ток көзі арқылы жұмысқа қосыңыз. Егер сіз өз үйіңіз электр тогының қандай түрімен қамтылатынын анық білмесеңіз, сатушымен кеңесіңіз.

Асқын жүктелген ауыспалы ток шығу ұяшықтары мен кеңейту сымдары өте қауіпті. Тозған ток көзіне қосу сымдары мен сынған ашалар да қауіпті. Бұл ток соғуына не өрт қатеріне әкелуі мүмкін. Ауыстыру үшін сервис қызметінің кехникалық маманын шақырыңыз.

Дисплейді ашпаңыз.
- Ішінде пайдаланушының кәдесіне жарайтын бөлшектер жоқ.
- Ток көзі ажыратулы тұрғанның өзінде де ішінде қатерлі жоғары кернеу болады.
- Егер дисплей дұрыс жұмыс істемесе, өз дилеріңізге хабарласыңыз.

Жеке басты жарақаттап алмау үшін:
- Мықтап бекітіп алмай тұрып дисплейді еңіс сөреге қоймаңыз.
- Тек өндіруші ұсынатын қондырманы ғана пайдаланыңыз.
- Экранға ешбір затты/ойыншықты түсірмеңіз, қақпаңыз немесе тастамаңыз. Оның нәтижесі адам жараланууы, өнім зақымдануы және экран бұзылуы.

Өрт шығуын және қатерлерді болдырмау үшін:
- Егер бөлмеден қысқа мезеттен артық уақытқа шығатын болсаңыз, дисплейді әрқашан да ток көзінен ажыратып қойыңыз. Үйден шығып бара жатып дисплейді ешқашан да ток көзіне қосулы күйде қалдырмаңыз.
- Балалардың дисплей қаптамасындағы саңылауларына зат тастауына не тығуына жол бермеңіз. Кейбір ішкі бөлшектердің қатерлі кернеуі болады.
- Осы дисплейге арналып жасалмаған керек-жарақтарды қоспаңыз.
- Егер дисплей ұзақ уақытқа қараусыз қалатын болса, оның қоректендіру кабелін розеткадан шығарып тастаңыз.
- Күн күркіреп найзағай жарқылдап тұрғанда, ешқашан қоректендіру және сигналдық кабельдерді тімеңіз әйткені бұл ете қауіпті. Бұл электр сандыраққа әкеліп соғуы мүмкін.

Орнату жөнінде

Ток көзіне қосу сымының үстінде ештеңе жатуға не жаншуға тиіс емес, және дисплейді ток көзіне қосу сымы зақым болуы мүмкін жерге қоймаңыз.

Осы дисплейді ванна, жуынатын құмыра, ас үй раковинасы, кір жуатын леген ішіндегі сияқты судың қасына, дымқыл жерге, не шомылатын бассейннің қасына қоймаңыз. Дисплейлердің қаптамасында жұмыс істеген кезде өндірілетін ыстықтың шығуына мүмкіндік беретін желдеткіш саңылаулар бар. Егер бұл саңылаулар жабылып қалса, жиналған ыстық өрт қатерін тудыруы мүмкін ақаулыққа себеп болуы ықтимал. Сондықтан ЕШҚАШАН:

- Дисплейді төсек, диван, кілем т. б. үстіне қою арқылы желдеткіш тесіктерді жауып тастамаңыз.
- Дұрыс желдету қамтамасыз етілмейінше, дисплейді кіріктіріп салынған корпустың ішіне орнатпаңыз.
- Саңылауларды матамен не басқа материалмен жаппаңыз.
- Дисплейді радиатордың не басқа ыстық көзінің қасына не үстіне қоймаңыз.

Active Matrix LCD-ді қатты затпен сүртпеңіз не ұрып алмаңыз, себебі бұл Active Matrix LCD-ге үнемі сызат түсіруі, бүлдіруі не зақым келтіруі ықтимал.

LCD экранын саусағыңызбен ұзақ уақыт бойы баспаңыз, өйткені бұл кейбір қалдықты бейне пайда болуына себеп болуы мүмкін.

Экранда қызыл, жасыл не көк таңдақтар түрінде кейбір нүктелік ақаулар пайда болуы мүмкін. Дегенмен, бұл дисплей жұмысына ешбір ықпал не әсер ете алмайды.

Егер мүмкіндік болса, өзіңіздің LCD дисплейіңізде ең жақсы бейне сурет сапасына қол жеткізу үшін ұсынылған шешу сипаттарын қолданыңыз. Егер ұсынылған шешу сипаттарынан басқа қандай да бір режимде қолданылса, экранда кейбір қатпарлы не өзгерген бейне сурет пайда болуы мүмкін. Дегенмен де бұл тұрақты шешу қабілеті бар LCD панеліне тән құбылыс.

Суреттің ұзақ уақыт бейнеленген түрде қалдыруы бейнеге зиян келтіру мүмкін және бейненің ағартып қалуына себеп болуы мүмкін. Мониторда экран сақтауышын пайдаланатыныңызға көз жеткізіңіз. Бұл ақаулық басқа өндірушілердің өнімдерінде де пайда болады және оған кепілдік берілмейді.

Тазалау жөнінде

- Дисплей экранының беткі жағын тазалар алдында дисплейді ток көзінен ажыратыңыз.
- Сәл ғана дымқыл (сулы емес) матаны пайдаланыңыз. Аэрозольді дисплей экранына тікелей бүрікпеңіз, себебі ол артық себілсе, электр тогы соққысына себеп болуы мүмкін.

Орамын ашу жөнінде

- Картон мен орам материалдарын лақтырып тастамаңыз. Олар құрылғыны тасымалдау үшін ең қолайлы ыдыс. Құрылғыны басқа жерге тасымалдаған кезде оны өзінің бастапқы материалына ораңыз.


Қауіпсіз аластау

- Бұл өнімде қолданылатын күндізгі жарық шамының құрамында шамалы көлемде сынап бар.
- Бұл өнімнің қалдықтарын күнделікті тұрмыстық қоқыспен бірге лақтырып тастамаңыз.
- Бұл өнімді аластау сіз тұратын жердегі билік органдарының нұсқауларына сәйкес жүзеге асырылуға тиіс.

- **Мониторды орнатпай тұрып, монитордың, компьютерлік жүйенің және басқа да құрылғылардың ток көзінен ажыратылғанына көз жеткізіңіз.**


Қондырмалы тұрғыны жалғау / Қондырмалы тұрғыны алып тастау

1. Мониторды төсеменіңне жұмсақ матаның үстіне алдыңғы жағын төмен қаратып жатқызыңыз.



2. Қондырмалы тұрғының ілмектерін монитордың табанындағы тиісті саңылауларға дәлдеп келтіріңіз.


3. Ілмектерді саңылауларға кіргізіңіз.



Ескерту

- Таспа мен бекіткіш штифті тек қондырмалы тұрғымен жабдықталған мониторлардан, қондырма алынған кезде ғана ағытыпалуға болады. Олай болмаған жағдайда, қондырмалы тұрғының шығып тұрған бөліктері сізге зақым келтіруі мүмкін.

4. Мониторды сағат тілі бойынша винтті бұрып, подставкаға бекітіңіз.



5. Алмалы – салмалы кабельдің қосаылғанынан кейін, мониторды көтеріп бұрыңыз, ол алдыға бағыттылуы тиісті.

6. Винтті қосып, оны сағат тіліне қарсы бұрыңыз, содан кейін монитроды полставкадан алып тастаңыз.

Маңызды


- Мына суретте жалпы қосылыс үлгісі сипатталады. Сіздің мониторыңыз суретте көрсетілген бұйымдардан өзгеше болуы мүмкін.
- Өнімді төмен қаратып, тек қондырмалы тұрғыдан ғана ұстап көтермеңіз. Өнім құлап кетіп, зақымдануы не сіздің аяғыңызды жаралауы мүмкін.

- **Мониторды орнатпай тұрып, монитордың, компьютерлік жүйенің және басқа да қосымша құрылғылардың ток көзінен ажыратылғанына көз жеткізіңіз.**


Дисплейді орнату

1. Панельдің орны мейлінше ыңғайлы болатындай етіп әр түрлі жолмен орналастырып байқаңыз.


- Еңкейту ауқымы : -5˚~20˚



- Бұру : 350˚



- Биіктік ауқымы : ең көбі 3,94 дюйм (100,0 мм)



*Биіктікті ретке келтіргеннен кейін, блоктаушы штифты алып тастау керек.

Эргономика

- Биіктікті ретке келтіру үшін алдыңғы алынған винтті блоктаушы штифттың орнына орнатуға болмайды.
- Орналасқан жері эргономикалық жағынан және көруге ыңғайлы болу үшін монитордың алдыңғы еңістік бұрышын 5 градустан асырмауға кеңес береміз.


Компьютерді пайдалану

1. Компьютер мен бұйымның сөндірілуін қамт амасыз етіңіз. Сигнал қабылдайтын кабель ① мен қорек кабелін ② рет-ретімен жалғаңыз, сосын сигнал кабелінің бұрамасын қатайтыңыз.


- Ⓐ Dsub кабелін (PC) жалғаңыз
- Ⓑ Dsub кабелін (Mac) жалғаңыз
- Ⓒ DVI-D кабелін жалғаңыз

ЕСКЕРТПЕ

- Мына сурет артқы жағынан қарағандағы қарапайым көрінісі.
- Осы артқы көрінісі жалпы үлгіні көрсетеді, сіздің дисплейіңіз көрсетілген түрден басқаша болуы мүмкін.
- Пайдаланушы қорғалған феррит жүрекшесімен қапталған дабыл тілдесу кабельдерін (D-қос 15 pin кабель, DVI кабель) пайдалануға тиіс.



2. Құрылғыны электр қорегіне қосу үшін қабырғада орналасқан қосу тақтасындағы түймешігін басыңыз. Монитор электр қорегіне қосылғанда "Өзінің суретін орнату мүмкіндігі" автоматты түрде орындалады. (Тек қана Аналог күйінде)





ЕСКЕРТПЕ

'Self Image Setting Function' (Бейнені өзі орнату қызметі)? : Бұл қызмет пайдаланушыны ең оңтайлы дисплей орнатымдарымен қамтамасыз етеді. Пайдаланушы мониторды алғаш рет жалғаған кезде, бұл қызмет дисплейді жеке кіріс сигналдарын қабылдауға арналған ең оңтайлы орнатымдарға өздігінен баптайды.


"АВТО/ОРНАТУ мүмкіндігі"? Құрылғыны пайдалану кезінде немесе бейнебеттің кеңейтімін өзгерткен соң бейнебеттің немесе әріптердің күңгірт түсте пайда болуы, бейнебеттің дірілдеу немесе бір жаққа қарай қисайып кетуі секілді ақаулықтар келіп шығатын болса , ажыратымдылықты жақсарту үшін АВТО/ОРНАТУ мүмкіндік түймешігін басыңыз.

USB кабелін қосу

USB (Әмбебап тізбекті құр) сіздің үстел үстіне қоятын шеттік құрылғыларыңызды компьютеріңізге ыңғайлы түрде жалғаудағы жаңартым. USB пайдалану арқылы сіз өзіңіздің маус, пернетақта және тағы басқа да шеттік құрылғыларыңызды компьютерге жалғаудың орнына өз дисплейіңізге жалғай аласыз. Бұл сізге өзіңіздің жүйеңізді барынша икемді түрде бабына келтіруге мүмкіндік береді. USB сізге бір ғана USB портына саны 120-ға дейін жететін құрылғылар тізбегін жалғауға мүмкіндік береді; және де сіз "ыстық жалғай" аласыз (оларды компьютер жұмыс істеп тұрғанда тіркеу) немесе ағытпа мен ағытпаны өздігінен анықтау мен конфигурациялауды қолдау кезінде ағыта аласыз. Осы дисплейдің құр арқылы қуат алатын құрамдас USB шоғырландырғышы бар, ол саны 2-ге дейін басқа USB құрылғыларын жалғауға мүмкіндік береді.

1. Дисплейдің кіріс портын USB-мен сәйкес келетін PC-дің шығыс портына не USB кабелін пайдаланатын басқа шоғырландырғышқа жалғаңыз. (Компьютердің USB порты болуға тиіс)

2. USB-мен сәйкес келетін шеттік құрылғыларды дисплейдің шығыс порттарына жалғаңыз.



4 шығыс USB порттары бар
Тінтуір, жад картасы немесе USB тұрақты дискісі сияқты өнімдердің USB кабельдерін қосыңыз.

1 кіріс USB порттары бар
Жұмыс үстелінің немесе ноутбуктің шығыс жалғаушыларын қосыңыз. (Компьютерде USBге қолдау болып USB порты болуы қажет)

3. Монитордың USB терминалы USB 2,0 және деректердің жоғарғы жылдамдық кабелі High Speed(Жоғарыжылдамдықты) типін қолдайды.

	Жоғарыжылдамдықты	Толықжылдамдықты	Төменгіжылдамдықты
Деректерді беру жылдамдығы	480 Мбит/с	12 Мбит/с	1,5 Мбит/с
Тұтынушы қуаттылығы	2,5 Вт (әрбір порт үшін барынша көп)	2,5 Вт (әрбір порт үшін барынша көп)	2,5 Вт (әрбір порт үшін барынша көп)


ЕСКЕРТПЕ

- USB шоғырландырғыш қызметін іске қосу үшін дисплей USB-мен сәйкес келетін PC-ге (операциялық жүйеге) не USB кабелі (жабық) бар басқа шоғырландырғышқа жалғануға тиіс.
- USB кабелін жалғаған кезде кабель жақтағы қосылыстың пішіні жалғағыш жақтың пішініне дәл келуін тексеріңіз.
- Дисплей қуат үнемдеу режимінде болғанның өзінде де, егер USB-мен сәйкес келетін құрылғылар дисплейдің USB порттарына (кіріс және шығыс) жалғаулы болса, олар жұмыс істей береді.


Кабель ұйымдарына қосу

Электр сымы мен сигнал кабелін суретте көрсетілгендей біріктіріп 1-ші мен 2-ші кабель қысқыштарын орналастырыңыз.


1. 1-ші кабель қысқышын тесікке кіргізіңіз.




2. Электр сымы мен дабыл кабелін 1-ші кабель қысқышына орнатыңыз.



3. Қоректену кабелі мен сигналдық кабелді 2-кабел ұстағышына орналастырыңыз. 2-кабел ұстағышының төменгі бөлігін бір қолыңызбен басқан кезде суретте көрсетілгендей оның жоғарғы жағын екінші қолыңызбен тартыңыз.



Алдыңғы панельдегі басқару құралдары



1 EZ ZOOMING


EZ Zoom әрбір қадамды ұлғайтылуда бейнебеттің ажыратылымдығын азайтады. Түймешікті бір рет басу ажыратылымдықты бір қадамға азайтады; ал түймешікті екінші рет басу ажыратылымдықты бейнебеттің бастапқы параметрлеріне қайтарады.

'EZ ZOOMING' пернесін бр рет басу суреттің өлшемін ұлғайтып таңбалар мен суреттерді дұрысырақ қарап шығуыңызға мүмкіндік береді.

- Бұл мүмкіндікті пайдалану үшін CD-ROM жетегінде forteManager бағдарламасын орнатыңыз.
- Кеңес етілген ажыратылымдықтар мыналар:
  1920 x 1200, 1680 x 1050, 1600 x 1200, 1280 x 1024, 1024 x 768, 800 x 600.
- Түрлі амалдық жүйеде немесе бейне картадағы параметрлер түрліше болады. Қосымша мәліметтерді алу үшін компьютер өндірушісінің пайдаланушы нұсқауына қараңыз.

2 MENU батырмасы


Экрандағы көрініске ену не одан шығу үшін осы батырманы пайдаланыңыз.



OSD LOCKED/UNLOCKED
Бұл мүмкіндік басқару элементтер параметрлерін бұғаттауға мүмкіндік береді, яғни кездесоқ өзгертіп жіберудің алдыны алады.
MENU түймешігін бірнеше секунд басып ұстап тұрыңыз. "**OSD LOCKED**" деген хабар пайда болу керек.
Егер бұғаттауды алмақшы болсаңыз **MENU** түймешігін тағыда бірнеше секунд басып ұстап тұрыңыз. "**OSD UNLOCKED**" деген хабар пайда болуы керек.

3 ▼ ▲ **батырмасы** Экрандағы көрініс қызметтерін таңдау немесе баптау үшін осы батырмаларды пайдаланыңыз.

ƒ·ENGINE ▼ Толығырақ ақпарат алу үшін Z17 беттті қараңыз



▲ SOURCE (Дереккөзге Жылдам Қатынасу Пернесі) D-Sub немесе DVI ағытпасын жұмысқа қосу үшін осы батырманы пайдаланыңыз. Бұл сипат дисплейге екі компьютер жалғанған жағдайда пайдаланылады. Стандартты орнатым D-Sub болып табылады.

4 **AUTO/SET батырмасы** Экрандағы көріністегі таңдауға ену үшін осы батырманы пайдаланыңыз.

БЕЙНЕНІ ӨЗДІГІНЕН БАПТАУ

Дисплей параметрлерін орнатқан кезде Бейнебеттегі дисплейге (On Screen Display (OSD)) кіруден алдын дайым **AUTO/SET** түймешігін басыңыз. Бұл дисплей суретін осы бейнебет ажыратымдылығының өлшеміне сай бапталған көрініске автоматты түрде лайықтайды (көрсету күйі).



Ең жақсы дисплей режимі

1920 x 1200

5 **Power батырмасы** Дисплейді токқа қосу не ажырату үшін осы батырманы пайдаланыңыз.

6 **Power көрсеткіші** Дисплей қалыпты жұмыс істеп тұрғанда бұл көрсеткіш көк болып жанады(қосу режимі). Егер экран Күту режимінде (қуат үнемдеу) тұрса, бұл индикаторың түсі көріптас түсіне өзгереді.

Экранды баптау

Дисплейдің бейне сурет мөлшерін, позициясы мен жұмыс параметрлерін Экрандағы көрініс басқару құралдары жүйесінің көмегімен баптау тез әрі оңай. Басқару құралдарымен сізді таныстыру үшін төменде қысқаша мысал келтірілген. Төмендегі тарау сіз OSD пайдалана отырып жасай алатын қолда бар баптаулар мен таңдаулардың жалпы сұлбасы.

ЕСКЕРТПЕ

- Бейне суретті баптауды бастамас бұрын дисплейдің кем дегенде 30 минөт орнығуына мұрсат беріңіз.

Экрандағы көріністе баптау жүргізу үшін төмендегі қадамдарды жасаңыз:

MENU → ▼ ▲ → AUTO/SET → ▼ ▲ → MENU

1. **MENU** түймешігін басыңыз, OSD-ның негізгі мәзірі пайда болады.

2. Басқару элементке қол жеткізу үшін ▼ немесе ▲ түймелерін пайдаланыңыз.Таңдаған белгішеңіз жарық түсте көрсетілетін болса **AUTO/SET** түймешігін басыңыз.

3. Суретті қалаған деңгейге орнату үшін ▼/▲ түймешіктерді пайдаланыңыз. Басқа бағыныңқы-мәзірдегі элементтерді таңдау үшін **AUTO/SET** түймешігін пайдаланыңыз.

4. Негізгі мәзірге қайтып басқа мүмкіндікті таңдау үшін **MENU** түймешігін басыңыз. OSD-дан шығып кету үшін **MENU** түймешігін екі рет басыңыз.

Төмендегі кесте экрандағы көрініст басқару, баптау мен орнатудың барлық менюлерін көрсетеді.

Негізгі меню	Қосалқы меню		A	D	Анықтама
PICTURE	BRIGHTNESS		●	●	Экранның жарықтылығы мен қанықтылығын баптау үшін
	CONTRAST		●	●	
	GAMMA(ГАММА)		●	●	
COLOR	PRESET	sRGB	●	●	Экранның түсін қайта жасау үшін
		6500K	●	●	
		9300K	●	●	
	RED		●	●	
	GREEN		●	●	
	BLUE		●	●	
POSITION	HORIZONTAL		●		Экранның позициясын баптау үшін
	VERTICAL		●		
TRACKING	CLOCK		●		Жиілікті, экран өткірлігін және тақтылықты демге келтіру.
	PHASE		●		
	SHARPNESS		●	●	
SETUP	LANGUAGE		●	●	Экран күйін пайдаланушы жұмыс істейтін ортаға ыңғайлау үшін
	OSD POSITION	HORIZONTAL	●	●	
		VERTICAL	●	●	
	WHITE BALANCE		●		
	POWER INDICATOR		●	●	
	SOUND (ДЫБЫС)		●	●	
	4:3 IN WIDE		●	●	
	FACTORY RESET		●	●	
FLATRON F-ENGINE	MOVIE / TEXT		●	●	Қалаған бейне орнатымдарын таңдау үшін
	USER		●	●	
	NORMAL		●	●	


● : Бапталады
A : Аналогтық кіріс
D : Цифрлық кіріс

ЕСКЕРТПЕ

- Белгішелердің реттілігі үлгіге (Z12-Z17) байланысты өзгеріп отыруы мүмкін.

Сіз OSD жүйесін пайдалана отырып тармақ таңдау мен баптау рәсімімен таныстыңыз. Төменде менюде көрсетілетін барлық тармақтардың белгішелері, белгіше атаулары мен белгіше суреттемелерінің тізімі берілген.

MENU (меню) түймешігін басыңыз, OSD-ның негізгі мәзірі пайда болады




ЕСКЕРТПЕ

▪ Монитордағы OSD (Экрандағы көрініс) менюінің тілдері нұсқаулықтағыдан өзгеше болуы мүмкін.

Негізгі меню | Қосалқы меню | Суреттеме

PICTURE



BRIGHTNESS — Экранның жарықтылығын баптау үшін.

CONTRAST — Экранның қанықтылығын баптау үшін.

GAMMA (ГАММА) — Өз гамма көрсеткішіңізді орнатыңыз. -50/0/50
Мониторда жоғары гамма көрсеткіштер ақшыл бейнелерді көрсетеді, ал төмен гамма көрсеткіштер айқындылығы жоғары бейнелерді көрсетеді.

- **MENU** : Шығу
- ▼ : Азайту
- ▲ : Көбейту
- **SET** : Басқа қосалқы менюді таңдаңыз

COLOR



PRESET — Экран түсін таңдау.
- sRGB: Экран түсін қойыңыз, ол sRGB түстікспецификация стандартына сәйкес.
- 6500K: Сәл ақшыл-қызғылт.
- 9300K: Сәл ақшыл-көк.

RED — Өзіңіз қалаған қызыл реңк деңгейлерін орнатыңыз.


GREEN — Өзіңіз қалаған жасыл реңк деңгейлерін орнатыңыз.

BLUE — Өзіңіз қалаған көк реңк деңгейлерін орнатыңыз.

- **MENU** : Шығу
- ▼ : Азайту
- ▲ : Көбейту
- **SET** : Басқа қосалқы менюді таңдаңыз

Негізгі меню | Қосалқы меню | Суреттеме

POSITION




HORIZONTAL Бейне суретті солға-оңға қозғалту үшін.

VERTICAL Бейне суретті жоғары-төмен қозғалту үшін.

- **MENU** : Шығу
- ▼ : Азайту
- ▲ : Көбейту
- **SET** : Басқа қосалқы менюді таңдаңыз

TRACKING



CLOCK Экран фонында көрінген қандай да бір сызықтар мен жолақтарды мейлінше азайту үшін.
Сонымен бірге экранның горизонталь мөлшері де өзгереді.


PHASE Дисплейдің фокусын баптау үшін.
Бұл элемент сізге қандай да бір көлденең бөгеуілдерді аластауға және белгілердің суретін таза және анық көруге мүмкіндік береді.


SHARPNESS Экран өткірлігін демге келтіру.

- **MENU** : Шығу
- ▼ : Азайту
- ▲ : Көбейту
- **SET** : Басқа қосалқы менюді таңдаңыз

Негізгі меню	Қосалқы меню	Суреттеме

SETUP





- **MENU** : Шығу
- ▼ : Баптау
- ▲ : Баптау
- **SET** : Басқа қосалқы меню таңдаңыз

LANGUAGE — Басқару құралдарының атаулары көрінетін тілді таңдау үшін.

OSD POSITION — Экрандағы OSD терезесінің позициясын баптау үшін.

WHITE BALANCE — Егер бейне картаның шығысы талап етілетін техникалық сипаттамалардан бөлек болса, бейне сигналдың бұрмалануына байланысты түс деңгейі нашарлауы мүмкін. Осы қызметті пайдалану арқылы сигнал деңгейі оңтайлы бейне суретті қамтамасыз ету үшін бейне картаның стандартты шығыс деңгейіне дәл келетіндей болып бапталады.
Осы қызметті экранда ақ және қара түстер болған кезде іске қосыңыз.

POWER INDICATOR (ҚУАТ КӨЗІ ИНДИКАТОРЫ) — Монитордың алдыңғы жағындағы қуат көзі индикаторын **ON** (қосулы) немесе **OFF** (ажыратулы) қалпына орнату үшін осы қызметті пайдаланыңыз.
Егер сіз **OFF** (ажырату) бассаңыз, ол шығып кетеді. Егер сіз кез келген уақытта **ON** қалпына орнатсаңыз, қуат көзі индикаторы өздігінен іске қосылатын болады.

SOUND (ДЫБЫС) — Бұл мүмкіндік бейне электр қорегінен ажыратылғанда немесе қосылғанда немесе мәзір түймешігі басылғанда пайдаланушыға дыбысты қосуға немесе ажыратуға мүмкіндік береді.

4:3 IN WIDE (4:3 дюйм кен) — Бейнебеттегі кескін мөлшерін таңдау үшін.


WIDE


4:3

Айыру қабілеті	Экран пропорциясы
1600x1200	4 : 3
1280x1024	5 : 4
1152x864	4 : 3
1024x768	4 : 3
800x600	4 : 3
640x480	4 : 3
720x480	3 : 2


***4:3 :** Кіретін бейне сигналға байланысты, экран пропорциясы автоматты түрде үйлесімді мөлшерге өзгертіледі.(Айыру қабілеті 1280X1024 болған жағдайда, кіретін сигнал 5:4 пропорциясыға өзгертіледі, ал 1024X768 сигналы 4:3 пропорциясыға айналады.)

4:3 IN WIDE(4:3 дюйм кен) қолдау көрсетпейтін кіретін сигналдар '4:3' төменде көрсетілген.
- 26-дюймдық монитор үшін: 720x400, 1280x768, 1360x768, 1440x900, 1680x1050, 1920x1200.

FACTORY RESET — "**LANGUAGE**"-ден басқа зауытта қойылған үнсіз орнатымдардың барлығына қайта оралыңыз.
Жедел түрде қайта қосу үшін ▼ түймешігін басыңыз.


Егер бұл экрандағы бейнені жақсартпаса, зауыттан қойылған орнатымдарды қалпына келтіріңіз. Егер қажет болса, ақ түс теңгерімі қызметін қайта іске асырыңыз. Бұл қызмет тек кіріс сигналы аналогтық болған кезде ғана жұмыс істейді.

■■■ OSD бейнебеті монитордың алды жағында орналасқан f·ENGINE ▼ түймешікті басқаныңызда пайда болады.




FLATRON F-ENGINE

F-ENGINE атқарып жатқаныңызда, суретте көрсетілген екі дыбыс пайда болады. Қолданылған бейнебет сол жақта пайда болады және қолданылмаған бейнебет оң жақта пайда болады. Бапталған бейнебетті пайдалану үшін OPHATУ түймешігін басыңыз.



Негізгі меню	Қосалқы меню	Суреттеме




MOVIE
TEXT


Бұл сипат сізге қоршаған ортаға лайықталған ең жақсы қалаған бейне ахуалын (экранды сыртқы жарықтандыру, бейне түрпаттары т. б.) оңай таңдауға мүмкіндік береді.

MOVIE: Бейне кассеталардағы не кинофильмдердегі қимылдық бейнелер үшін
TEXT: Мәтіндік бейнелер үшін (мәтінмен жұмыс істеу т. б.)

- **MENU** : Шығу
- ▼, ▲ : Орнына ауысу
- **SET** : Таңдау



USER (Пайдаланушы) ішкі мәзір қызметін реттеу үшін SET (Орнату) бастырмасын басыңыз.



USER

Пайдаланушы
Сіз айқындылықты, ACE немесе RCM-ді қолдан баптай аласыз. Сіз тіпті мүлде басқа конфигурациялық орнатымдарды пайдалансаңыз да, бапталған шамаларды сақтай немесе жаңғырта аласыз.


··· ☀ **(Brightness[Айқындылық])**: Экранның айқындылығын баптайды.

···**ACE(Adaptive Clarity Enhancer)** : Ажыратымдылық күйін таңдаңыз.
- 0 Қолданылмайды
- 1 Ажыратымдылығы төмен немесе аса жарқын.
- 2 Ажыратымдылығы күшті немесе аса жарқын.

···**RCM(Real Color Management - Ағымдық түс баптаулары)** : Ажыратымдылық күйін таңдаңыз
- 0 Қолданылмайды
- 1 Жасылды үдету
- 2 Төн реңкі
- 3 Реңк күшейту

- **MENU** : Шығу
- ▼ : Азайту
- ▲ : Көбейту
- **SET** : Басқа қосалқы менюді таңдаңыз

SET батырмасын пайдалану арқылы SAVE қосалқы менюін таңдаңыз да, **–** батырмаларын пайдалану арқылы **YES** шамасын таңдаңыз.



NORMAL Бұл қалыпты жұмыс жағдайы.

Жөндеу қызметін шақырмас бұрын төмендегіні тексеріңіз.

Ешқандай бейне сурет көрінбейді

● Дисплейдің ток көзіне қосу сымы жалғанған ба?	• Ток көзіне қосу сымы ток көзі розеткасына дұрыс жалғанғанын тексеріп қараңыз.
● Қуат көрсеткіші жанып тұр ма?	• Қорек түймешігін басыңыз.
● Қуат көзі қосулы ма және қуат көзі көрсеткіші көк немесе жасыл түсті ме?	• Экранның жарықтылығы мен қанықтылығын баптаңыз.
● Қуат көрсеткіші көріптас түсімен жанып тұр ма?	• Егер дисплей қуат үнемдеу режимінде тұрса, мауысты қозғалту не паернетақтадағы кез келген пернені басу арқылы экранды келтіруге тырысыңыз. • Компьютерді іске қосып көруге тырысыңыз.
● Экранда “OUT OF RANGE” хабарын көріп тұрсыз ба?	• Бұл хабар PC-ден (бейне карта) келетін сигнал дисплейдің көлбеу не тік жиілік ауқымынан шығып кеткен жағдайда пайда болады. Осы нұсқаулықтың “техникалық сипаттамалар” тарауын қараңыз да, дисплейді қайта конфигурациялаңыз.
● Сіз экранда “CHECK SIGNAL CABLE” хабарын көріп тұрсыз ба?	• Бұл хабар сіздің PC мен дисплей арасындағы кабель жалғанбаған жағдайда пайда болады. Сигнал кабелін тексеріңіз де, тағы бір байқаңыз.

Сіз экранда “OSD LOCKED” хабарын көріп тұрсыз ба?

● Сіз MEMU батырмасын басқан кезде “OSD LOCKED” хабарын көресіз бе?	• Сіз ағымдағы басқару орнатымдарын қорғап қоя аласыз, сонда олар абайсыз өзгеріп кете алмайды. Сіз **MENU** батырмасын бірнеше секунд басып тұру арқылы кез келген уақытта OSD (экрандағы көрініс) басқару құралдарының бекітпесін ағыта аласыз. “**OSD UNLOCKED**” (экрандағы көрініс ағытулы) хабары пайда болуға тиіс.

Дисплейдің бейне суреті дұрыс емес

● **Дисплей позициясы дұрыс емес.**	• Бапталған дисплей суретін автоматты түрде орнату үшін **AUTO/SET** түймешігін басыңыз. Егер нәтижелер ұнамаған болса, H мен V орындарын пайдаланып суретті лайықтаңыз және бейнебетте белгішені орналастырыңыз.
● **Экран фонында тік сызықтар немесе жолақтар көрініп тұр.**	• Бапталған дисплей суретін автоматты түрде орнату үшін **AUTO/SET** түймешігін басыңыз. Егер нәтижелер ұнамаған болса, "**COCK**" белгішесін пайдаланып бейнебет дисплейінде тігінен орналасқан жолақтар мен тілмелерді қысқартыңыз.
● **Бейне суретте не белгіде пайда болатын кез келген көлденең бөгеуіл анық көрінбейді.**	• Бапталған дисплей суретін автоматты түрде орнату үшін **AUTO/SET** түймешігін басыңыз. Егер нәтижелер ұнамаған болса, "**PHASE**" белгішесін пайдаланып бейнебет дисплейінде көлденең орналасқан жолақтарды қысқартыңыз. • **Басқару панелі —> Дисплей —> Орнатымдарды** тексеріңіз де, дисплейді ұсынылған айыру қабілетіне баптаңыз немесе дисплей бейнесін мінсіз орнатымға баптаңыз. Түрлі түс орнатымын 24 биттен жоғарырақ орнатыңыз (шынайы түс көрсету).

Маңызды

- **Басқару панелі —> Дисплей —> Орнатымдарды** тексеріңіз де, жиілік немесе айыру қабілеті өзгерген-өзгермегенін байқаңыз. Егер олай болса, бейне картаны ұсынылған шешу қабілетіне қайта баптаңыз.
- **Оптимальдік анықтықты ұсынуға себептер :** Кадр мөлшері 16 да 10-ға тең. Кіріс анықтығы 16 да 10-ға тең болмаса (мысалы, 16 да 9, 5 те 4, 4 те 3 болса), анық көрінбейтін әріптер, анық көрсетпейтін бейнебет, бейненің жартылай көрінуі немесе бейненің қисаюы деген мәселелерге ұшырауыңыз мүмкін.
- Бұл күйге келтіретін тәсіл компьютерден және операциялық жүйден байланысты айырмашылығы болады. Жоғарыда айтылып өткен рұқсат бейнетөлеммен сүйемелденбеуі мүмкін. Бұл жағдайда компьютерді немесе бейнетөлемді шығарушымен байланысыңыз.

Дисплейдің бейне суреті дұрыс емес

● **Экранның түсі біртүсті немесе дұрыс емес.**	• Сигнал кабелі дұрыс жалғанғанын тексеріңіз де, қажет болса, оны қатайтып бұрау үшін бұрағышты пайдаланыңыз. • Бейне картаның саңылауға дұрыс кіріп тұрғанына көз жеткізіңіз. • **Басқару панелінде Орнатымдарда** түрлі түс орнатымын 24 биттен жоғарырақ орнатыңыз (шынайы түс көрсету).
● **Экран жыпылықтайды.**	• Экран алма-кезек режимге орнатылғанын тексеріңіз де, егер орнатылған болса, оны ұсынылған шешу қабілетіне өзгертіңіз.

Сіз дисплейдің драйверін орнаттыңыз ба

● **Сіз дисплейдің драйверін орнаттыңыз ба?**	• Өзіңіздің дисплейіңізге қоса берілген, дисплей драйвері жазылған CD-ден (не дискеттен) дисплей драйверін орнатыңыз. Немесе сіз драйверді сондай-ақ біздің вебсайттан жазып ала аласыз: http://www.lge.com.
● **Сіз "Таныс емес монитор, Қос та жұмыс істей бер (VESA DDC) мониторы табылды" хабарын көріп тұрсыз ба?**	• Бейне картаның "Қос та жұмыс істей бер" қызметін қолдайтынын қайткенде де тексеріңіз.

Дисплей	26 дюйм (64,868 см) Flat Panel Active matrix-TFT LCD Сәуле шағылыстырмайтын жабын Көрінетін диагональ өлшемі: 64,868 см 0,2865 мм пиксел қадам		
Синхрондау кірісі	**Горизонталь жиілік**	30 - 83 КГц (Өздігінен)	
	Вертикаль жиілік.	56 - 75 Гц (Өздігінен)	
	Кіріс пішіні	Бөлек Қадамдастыру. SOG (Экрандағы синхрондауыш), Цифрлық(Поддерживает HDCP)	
Бейне кірісі	**Сигнал кірісі**	15 шықпалы D-Sub ағытпасы ажыратқыш DVI-D (цифрлық)	
	Кіріс пішіні	RGB аналог (0,7 кернеу құлашы/75 ом), цифрлық	
Шешу қабілеті	**Ең үлкен**	VESA 60 Гц болғанда 1920 x 1200	
	Ұсынылады	VESA 60 Гц болғанда 1920 x 1200	
Plug&Play	DDC 2B		
Энергия тұтыну	**қосу режимі**	: 50 Вт(Үлгідегі), 65 Вт(USB портының толық жүктемесі)	
	Ұйқы режимі	≤ 1 Вт	
	Ажырату режимі	≤ 1 Вт	
Өлшемдері мен салмағы		Подставка комплектіге кіреді	Подставка ескерілмеген
	Ені	60,19 см / 23,70 дюйм	60,19 см / 23,70 дюйм
	Биіктігі	46,32 см / 18,24 дюйм (Ең кіші) 56,32 см / 22,17 дюйм (Ең үлкен)	41,37 см / 16,29 дюйм
	Терендігі	27,02 см / 10,64 дюйм	8,10 см / 3,19 дюйм
	Салмағы (қорапты қоса алмағанда)	10,6 кг (23,37 фунт)	
Қисаю ауқымы	Қисаю	-5˚~20˚	
	Топса	350˚	
	Биіктік	100 мм / 3,94 дюйм	
Кіріс қуаттылығы	AC 100-240 В~ 50/60 Гц 1,2A		
Қоршаған орта жағдайлары	**Жұмыс істеу жағдайлары**		
	Температура	10˚C-тан 35˚C-қа дейін	
	Ылғалдылық	10%-дан 80%-ға дейін конденсатталмайтын	
	Сақталу жағдайлары		
	Температура	-20˚C-тан 60˚C-қа дейін	
	Ылғалдылық	5%-дан 90%-ға дейін конденсатталмайты	

Бұрылмалы-топсалы тұрғы	Бекітілген ( ), Ағытылған (O)	
Ток көзіне қосу сымы	Қабырға ұяшығына жалғанатын түрі не PC-ге жалғанатын түрі	
USB	стандартты	Өздігінен қоректену USB 2,0 интерфейс арқылы
	Белгілерді беру жылдамдығы	Макс. 480 Мбит/с
	Пайдаланатын күштілігі	2,5Вт X 4 аспайды.

ЕСКЕРТПЕ

- Осы құжаттағы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертілуге жатады.

Дисплей	26 дюйм (64,868 см) Flat Panel Active matrix-TFT LCD Сәуле шағылыстырмайтын жабын Көрінетін диагональ өлшемі: 64,868 см 0,2865 мм пиксел қадам		
Синхрондау кірісі	**Горизонталь жиілік**	30 - 83 КГц (Өздігінен)	
	Вертикаль жиілік.	56 - 75 Гц (Өздігінен)	
	Кіріс пішіні	Бөлек Қадамдастыру. SOG (Экрандағы синхрондауыш), Цифрлық(Поддерживает HDCP)	
Бейне кірісі	**Сигнал кірісі**	15 шықпалы D-Sub ағытпасы ажыратқыш DVI-D (цифрлық)	
	Кіріс пішіні	RGB аналог (0,7 кернеу құлашы/75 ом), цифрлық	
Шешу қабілеті	**Ең үлкен**	VESA 60 Гц болғанда 1920 x 1200	
	Ұсынылады	VESA 60 Гц болғанда 1920 x 1200	
Plug&Play	DDC 2B		
Энергия тұтыну	**қосу режимі**	: 110 Вт(Үлгідегі), 130Вт(USB портының толық жүктемесі)	
	Ұйқы режимі	≤ 1 Вт	
	Ажырату режимі	≤ 1 Вт	
Өлшемдері мен салмағы		Подставка комплектіге кіреді	Подставка ескерілмеген
	Ені	60,19 см / 23,70 дюйм	60,19 см / 23,70 дюйм
	Биіктігі	46,32 см / 18,24 дюйм (Ең кіші) 56,32 см / 22,17 дюйм (Ең үлкен)	41,37 см / 16,29 дюйм
	Терендігі	27,02 см / 10,64 дюйм	8,10 см / 3,19 дюйм
	Салмағы (қорапты қоса алмағанда)	9,7 кг (21,38 фунт)	
Қисаю ауқымы	Қисаю	-5˚~20˚	
	Топса	350˚	
	Биіктік	100 мм / 3,94 дюйм	
Кіріс қуаттылығы	AC 100-240 В~ 50/60 Гц 1,2A		
Қоршаған орта жағдайлары	**Жұмыс істеу жағдайлары**		
	Температура	10˚C-тан 35˚C-қа дейін	
	Ылғалдылық	10%-дан 80%-ға дейін конденсатталмайтын	
	Сақталу жағдайлары		
	Температура	-20˚C-тан 60˚C-қа дейін	
	Ылғалдылық	5%-дан 90%-ға дейін конденсатталмайты	

Бұрылмалы-топсалы тұрғы	Бекітілген ( ), Ағытылған (O)	
Ток көзіне қосу сымы	Қабырға ұяшығына жалғанатын түрі не PC-ге жалғанатын түрі	
USB	стандартты	Өздігінен қоректену USB 2,0 интерфейс арқылы
	Белгілерді беру жылдамдығы	Макс. 480 Мбит/с
	Пайдаланатын күштілігі	2,5Вт X 4 аспайды.

ЕСКЕРТПЕ

- Осы құжаттағы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертілуге жатады.

Алдын ала орнатылған режимдер (Шешу қабілеті)


	Дисплей режимдері (Шешу қабілеті)		Горизонталь жиілік (КГц)	Вертикаль жиілік (Гц)
1	VGA	640 x 480	31,469	59,940
2	VESA	640 x 480	37,500	75,000
3	VESA	720 x 480	35,162	59,901
4	VGA	720 x 400	31,500	70,156
5	VESA	800 x 600	37,879	60,317
6	VESA	800 x 600	46,875	75,000
7	VESA	1024 x 768	48,363	60,004
8	VESA	1024 x 768	60,023	75,029
9	VESA	1152 x 864	67,500	75,000
10	VESA	1280 x 768	47,776	59,870
11	VESA	1280 x 768	60,289	74,893
12	VESA	1280 x 1024	63,981	60,020
13	VESA	1280 x 1024	79,976	75,025
14	VESA	1600 x 1200	75,000	60,000
15	VESA	1680 x 1050	64,674	59,883
16	VESA	1680 x 1050	65,290	60,454
*17	VESA	1920 x 1200	74,038	59,950

* Ұсынылады режимі


және көрсеткіш

Режим	LED (жарық диоды) түсі
қосу режимі	Көк
Ұйқы режимі	Кәріптас
Ажырату режимі	өшірулі

Бұл өнім қабырғаға қыстыратын бекіту пластинасының спецификациясына сәйкес немесе құрылғының жайын айрбастайтын.




1. Орнатқаннан кейін фронтальді айдын өнімі төмен, қажетті айдын орнатылғаннан кейінкөз жеткізу керек, мысалы, жұмсақ матада немесе жастықта.




2. Отвертка көмегімен стойка және бас бөлінеді.

3. Қабырғаға қыстыратын бекіту пластинасын орналастыру.



Қабырғаға қыстыратын бекітуге арналған пластина (бөлек сатылады)
Бұл кронштейн немесе қабырғаға қыстыратын бекіту, пластинамен қабырғаға қыстыратын бекітуді қосу үшін. Қосымша мәліметтерді пайдаланушының нұсқауларында қараңыз, қабырғаға қыстыратын бекіту пластинасымен бірге жеткізіледі.



Кенсингтон қауіпсіздік слоты
Көптеген компьютерлік дүкендерде бөлек сатып алуға болатын бекіткіш кабельге жалғанады

Digitally yours

